

ISSN 1563-0223  
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ  
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№4 (103)

2007



Таким образом, рассмотрение особенностей гендерной дифференциации и выявление словообразовательной мощности наименований животных позволяет сделать следующие выводы:

1) деривационная мощность наименований животных в пределах семантической категории рода выявляется у существительных, у которых различия по полу выражаются лексически;

2) деривационная мощность супплетивных наименований домашних животных женского рода превышает деривационную мощность наименований животных мужского пола;

3) представляется невозможным выявить деривационную мощность наименований домашних, диких животных и птиц, образованных морфологи-

ческим способом в пределах семантической категории рода, так как наименования животных мужского рода являются родовыми и образуют названия самок.

1. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. - М., 1999
2. Кронгауз М.А. Семантика. - М., 2001
3. Марузо Ж.. Словарь лингвистических терминов. - М., 1960
4. Реформатский А.А. Введение в языковедение. - М., 2001
5. Русский язык. Грамматическое учение о слове. 3-е изд. испр. - М. Высшая школа. 1986. с.79.
6. Тасыбаева Г. М. Семантическая категория пола. Проблема супплетивности. Канд. дис. - Алматы, 2000
7. Тихонов А.Н. Актуальные проблемы русского словообразования. - Ташкент. 1972
8. Тихонов А.Н. Словообразовательный словарь русского языка. - 1985

С. Е. Қалиева

### АВТОРЛЫҚ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСКЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

*В данной статье рассматриваются окказиональные преобразования фразеологизмов в художественных произведениях современных казахских писателей*

Ұлт айнасы тіл десек, тіл - халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің, ой-сезімінің, елдігі мен ерлігінің, болмысының, дүниетанымы мен парасатының куәсі.

Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы. Ал осы тілдің сөз байлығын танытатын - көркем әдебиет.

Көркем әдебиет тілінің ұлттық тілдегі алатын орны ерекше деуге болады. Себебі, көркем әдебиет тілі сол халықтың сөйлеу тілінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Оның тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді, тілді байытатын, дамытатын негізгі арналардың бірі болып табылады.

Көркем әдебиет тілінің көріктеуші құралдарының бірі - фразеологизмдер. Фразеологизмдер (кең мағынасында - фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер) көркем сөз өнерінің ең құнарлы саласына тән халық даналығының туындысы. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы қорланып, қалыптасқан, үздіксіз дамып, толығып отыратын, әрқашанда қолданысқа дайын тұратын көркем сөз құралы болып саналады.

Фразеологизмдер дайын қалпында жұмсалатын тілдік единица десек те, ақын-жазушылар шығарма жазу процесінде олардың мағыналарына әсер етпей өздерінше өзгертіп қолданысқа түсіреді.

Көркем проза тілін зерттеу арқылы жазушының әдеби тілді жетілдіру мен дамытудағы рөлін айқындап, көркем туындылардағы фразеологизмдердің көркемдік қызметін ашып, талдап көрсетудің мәні зор. Орайын келтіріп, орнын тауып фразеологизмдерді өз шығармаларында қолдану арқылы сөз күдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өру қас шеберлердің еншісінде.

Жазушы шеберлігі - халық тіліндегі фразеологизмдермен өз айтарын оқырманна бейнелі, мәнерлі, айқын етіп жеткізуінде. Әр қаламгердің өзіне тән стилі, сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Қаламгер ойын дөп жеткізетін құрал - тіл, халықтың тіл байлығы шұрайлы сөз.

Фразеологизмдердің жазушы стиліне сай қолданылуының екі түрін арнайы бөліп қарастыруға болады. Бірі - тұрақты тұлғасын сақтап өзгеріске түсірмей қолдану, екіншісі - авторлық өзгеріске түсіріп, өңдеп қолдану.

Шығарма тіліндегі фразеологизмдердің өзгеріске түсу жолын шартты түрде үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1) етістік тұлғасының өзгеріске түсіп қолданылуы. Мысалы,

... басқа түссе баспақшыл деген ... Дархан, сен де сау бол, көріскенге жазсын (О. Бөкей. Өз отынды өшірме. А., 1996).

«Күндестің күлі де күндес» дейтін ырың-жырың біздің шаңыраққа бас сұқпапты (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

«Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деп жатып алатын сол Әтеке енді, міне, қарсы алдында тұр (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

Біреуге көбік көпшік қойса, көңілін алдым, бетін бері қараттым деп ұғады (Қ. Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

- Сіз кімді болсын үндемей жесеңіз- ау, мен бір сағат оттағанда жақ ашпадыңыз,- деді сағатына қарап, кететін ыңғай танытты (О. Бөкей. Өз отынды өшірме. А., 1996).

«Қолмен істегенді мойныңмен көтер дегені қолмен шыдайыншы, қайтер екен», - деп жата берген (О. Бөкей. Таңдамалы. А., 1994).

«Көптің бірімін, қолдың кірімін деші...» (О. Бөкей. Таңдамалы. А., 1994).

Әлде мұнысы - «ит арығын білдірмей, қасқырға үнін қампайтар дегеннің кері ме?» (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

«Есектің еті арам, күші адал» дейді екен қазақтар, өйтпесе, ара жазғанның «тартқаны- бал, шаққаны- у» осына ойдың санасына орала кеткеніне насат-тындай атқа қонды» (О. Бөкей. Атау-кере. А., 1996).

«Қазақта жылқы мінезді дейтіні тегі рас», - деп осы шайқаған Қойшы (О. Бөкей. Таңдамалы. А., 1994).

Осында байқағанымыздай тұрақты оралымдарды мәтінге енгізуге етістіктің -деп, -деген, -дейтін, -деді, -дейді сияқты формалары қызмет етіп тұр. -Дегендігінің -дегендей, -демекші, -дейтұғын, -десе де, -дейтін формалары да прагматикалық формант ретінде тұрақты түрде қолданылады.

2) Етістіктің басқа түрлері арқылы контекспен байланысу:

Оспан әрқайсына қол беріп амандасып, құрақ шып, қазандап жүр (О.Бөкей. Өз отынды өшірме. А., 1996).

Сірә, жан- жақтан жау тиген ел етек- жеңін әлі қайтпай алмай жатқан болар (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

Қайта сіздің жаныңыз сірі екен (О. Бөкей. Өз отынды өшірме. А., 1996).

Бұрын аузы күйген адам әбден су жүрек боп қалады екен (Қ.Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

Әйтеуір қашан көрсең де найзаның ұшына ілініп жүргені (Қ.Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

Сол жылы Аршалы мен Ақсай өңіріне жеті ағайынды жұт қатар келіп, төрт түлік малдан өзге үнкерісі жоқ көшпелі елдің бел омыртқасын үзіп кетті (Қ. Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

Қашпанда Алакөлге көзі түскенде көңіліне тоқшылық енгендей жаны жадырап, арқасы кеңіп қалатыны болушы еді, бұл жолы уәйім бұлты сейіле қоймады (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

Байқағанымыздай, фразеологизмдердің мәтінге енгізуі етістіктің алуан түрлі формалары арқылы жүзеге асады.

Жұт жеті ағайынды тұрақты тіркесі- Жеті ағайынды жұт қатар келіп түрінде қолданылып тұр. Бұл жерде «келу» етістігімен қосылып «жеті ағайынды жұт қатар келіп» күрделі тіркеске айналып отыр.

Көңілі тоқ, арқасы кеңіді, уайым бұлты сейілді тұрақты тіркестерін жазушы «көңіліне тоқшылық енгендей», «арқасы кеңіп қалатыны болушы еді», «уәйім бұлты сейіле қоймады» деп мәтінге өзінше өзгертулер енгізіп отыр. Етістіктер арқылы байланыстың басқа түрлері де авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестерде көптеп кездеседі.

3) Тұрақты тіркестердің соңғы компоненттері арқылы мәтінмен байланысуы. Бұл байланыс түрі де жазушы стилі мен жазушы пайдаланған жағдаятқа (ситуация) байланысты қолданылады. Мысалы,

Көптен көрмеген тумасындай ізгі тілекпен екі көздері төрт бола тосты (О. Бөкей. Өз отынды өшірме. А., 1996).

Қол ұшын бергенде, сенің өз даусыңды ғана сұрап отырған жоқпын (Қ.Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

Кеше ғана хан көтеріп жүрген ардақ аға майып болып қалғанда қол ұшын берген ешкім жоқ (О. Бөкей. Үркер ауып барады. А., 1981).

Алдымен елші жібер, ағайынның алдынан өтіп, тіл - жағын айыр дегені құдайға да, адамға жөн тіпті! - дескен лебіздер құлаққа ап-анық шалынды (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

Осыларды ойлағанда өзін қоярға жер таппай шыбын жаны шырқырап кетті (Қ. Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

Төбе құйқам шымырлап кетті (М. Мағауин. Таңдамалы. І. А., 1990).

Құдай-ай, екі оттың ортасында, қол ұшын берер пенде жоқ, ақылдан тарықтым- ау (О. Бөкей. Үркер ауып барады. А., 1981).

Бірақ, жүрек құрғыр атша тулап, дауаламаған (О. Бөкей. Ән салады шағылдар. А., 1978).

Жүрегінің басына бал тамғандай, көңілін бір мұң торлап келеді (Қ.Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

Келтірілген мысалдағы екі көзі төрт болу тіркесінің сарыла, ұзақ күту мағынасы соңғы «тосты» сөзімен тіркесіп сөйлемдегі негізгі ойды дамытуға қызмет етіп тұр. Сондай-ақ, тұрақты тіркестердегі жалғаулардың өзгеріске түсіп тұруы да жиі кездесетін құбылыс. Бұл ерекшелікті мысалдағы қол ұшын беру фразеологизмінің сөйлемдегі байланысу ретіне қарай қол ұшын бергенде болып өзгергенінен байқаймыз.

Құлаққа шалынды (естілді) тұрақты тіркесінің ортасына «ап-анық» сөзін қосу арқылы естілу мағынасын дамытып тұрғаны жазушының сөз қолдану шеберлігін байқатады.

Өзін қоярға жер таппау, шыбын жаны шырқырау, жүрегі атша тулау, жүрегі дауаламау, көңілін мұң торлау тіркестері - өзін қоярға жер таппай, шыбын жаны шырқырады, жүрек атша тулап, дауаламаған, көңілін мұң торлап келеді деген тұлғаға ауысып прагматикалық өзгеріске түсіп тұр. Сондай-ақ, сөйлемнің стилдік жағынан біртұтас болып, бір ойды нақтылы беруінде де тұрақты тіркестердің өзіндік үлесі бар. Екі оттың ортасында қалу- шарасыздық; қол ұшын беру көмек көрсету тіркестері де авторлық өзгеріске түсіп, сөйлемде айтылған шарасыз адамның ішкі психологиясын нақтылай түсуге қызмет етіп тұр. Авторлық қолданыста өзгеріске түскен фразеологизмдер кейде қалыптасқан тұрақты мағынасынан басқа ауыспалы мағынада да келіп тұрады. Фразеологизмдердің осындай өзгерістерге түсіп мағыналық жағынан дамуы, лексика-грамматикалық жағынан тұлғалық өзгерістерге түсуі жазушының стиліне, сөз ойнату шеберлігіне де байланысты. Қолданыста дәстүрден, қалыптасқан нормадан ауытқып пайдаланылатын фразеологизмдердің жалпы ішкі мағыналары көп жағдайда сақталады. Халықтық қолданыстағы: «бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтар / қампайтып» фразеологизмінің біз

зерттеуге алған екі жазушыда екі түрлі қолданылғанын көреміз. Мысалы,

Бөрі арығын білдірмес, түгін сыртқа қампайтар (О. Бөкей. Таңдамалы. А., 1994).

Әлде мұнысы - «ит арығын білдірмей, қасқырға жүнін қампайтар» дегеннің кері ме? (Қ. Жұмаділов. Дарабоз. А., 1996).

Бірінші мысалда *жүні* сөзін *түгі* сөзімен ауыстырып қолданса, екінші мысалда авторлық өзгерісті дамыта түсіп бөріні итке алмастырып ортасына сыналап сөз енгізу тәсілін пайдаланған. Авторлық өзгеріске түсіре қолдану бір жағынан оқырман көңіліне әсер етіп эмоционалды-экспрессивті реңк тудырады.

«Туған жерден бір күрек топырақ бұйырмасын», - деп зарланып өткені бекершілік емес (О. Бөкей. Таңдамалы. А., 1994) деген сөйлемде *бір уыс топырақ* дегендегі *уыс* сөзінің орнына *күрек* сөзінің қолданылуы да жоғарыда көрсетілгендей эмоционалды-экспрессивті реңк мәнін тудыру мақсатын көздегендіктен деп айтуға болады.

Эмоционалды-экспрессивті мағынада туған авторлық тұрақты тіркестердің кейбіреулері бірін-бірі дамытып тұру үшін қарама-қарсы мағынада да қолданылады. Мысалы,

Хан ашуы- кара қылыш, қайтпай шапқанмен қара орманды отап түгесе ала ма; халық ашуы- қаптаған өрт, жалыны жапандағы орданы шалса, оған адам жұғыса ала ма (М. Мағауин. Аласапыран. А., 1988) деген сөйлемдегі авторлық байлам негізінде туған фразеологизм метафоралық формада құрылып алғашқы компонентіндегі ойды екінші компонентінде дамыта түсуі де жазушы стилінің өзіндік қырын танытқандай.

Ендігі бір сөйлемдегі фразеологизмнің жасалуына халық тілінде кездесетін тұрақты оралымның әсері бар екенін байқаймыз. Авторлық өзгеріс бұл тұрақты тіркестің мағынасын дамытып, оның әсерлілігін арттырған деуге болады. Мысалы,

Айран тамған сүттей, іріп шыға келуі Ақанның көңілінде көгіс тартқан баяғы бір көне жараларын тырнап алғандай болды (О. Бөкей. Таңдамалы. А., 1994). Халық тіліндегі *сүттей ұйыған - ескі жараның аузын тырнау* тіркестерінің *айран тамған сүттей іріген - көне жара* түрінде келуі халықтық қолданыстағы мағынасынан ауытқымай, қайта оның реңк жағынан дамып, вариант мағынадағы тіркестердің қалыптасуына әкелген.

Көркем прозадағы шығарма шырайын кіргізетін авторлық фразеологизмдердің қолданылу мақсатын айқындау экспрессивтік-эмоционалды бояуын көрсете отырып, олардың көркемдік-стистикалық қызметін саралау, соның негізінде фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін көрсету арқылы қаламгер шығармасының басқа суреткерлерден ерекшеленетін стильдік қолтаңбасын анықтаймыз.

Лингвист ғалым А.А.Ефимов: «Фразеологический анализ художественного произведения преследует такие цели: установить источники, из которых черпалась эта фразеология; показать, как автор творчески использует этот материал, видоизменяя, обновляя его и перемещая из одной стилистической сферы в другую. Не менее интересно и ценно изучить фразео-

логическое новаторство самого писателя, создавшего многие удачные образные выражения, часть которых затем тоже приобретала характер крылатых» - деген тұжырымдама жасайды /1, 38/.

Әр жазушының өзіне тән даралық стилі болатынын мәлім. Жазушының стиль даралығы сөздерді белгілі бір мақсатта қолдануынан көрінеді.

Р.Сыздықова жазушы тілінің көркемдігі, шеберлігі туралы мәселені оның мәнері (стилі) деген ұғыммен байланысты қарайды /2/.

Жеке жазушының стильдік ерекшелігі деп тануы үшін оның барша шығармасын талдау қажет. Ол ғана емес, бір жазушы - автордың сөз саптау мәнерін жүйелі түрде қарастырып екінші бір жазушы - автор шығармаларының тілімен салыстыра, салғастыра қарастырған жөн. Осыған орай біз қазақтың белгілі жазушылары М. Мағауин, О. Бөкей, Қ.Жұмаділовтердің шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктеріне назар аударғымыз келеді.

Қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымы академик Қ. Жұмалиев: «Көздеген негізгі нысаналарына қандай шеберлік әдістерді пайдалану арқылы жетеді, міне, осы арадан келіп, әр жазушының өзіне тән творчестволық ерекшеліктері, өз қолы - почеркі анықталады» - дейді /3, 209-210/.

Фразеологизмдер сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы болса, бір жағынан ол жеке қаламгердің еңбегі, ізденісі, табысы. Олар кейде түгелдей автор еңбегінің жемісі болса, кейде халықтық фразеологизмдерден бастау алып, біраз өзгерістерге түсіп, окказионалды (өзгермелі) болып та келеді. Өзінің бұрыннан қалыптасқан тұрақты мән-мағынасынан кейбір фразеологизмдерді жазушы әдетте стильдік мақсатта қолданады. Окказионалды деп контекст қалауына орай бір ғана қолданымдық болып қызмет атқаратын фразеологизмдерді айтамыз. Фразеологизмдерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру окказионалды болу - жаңарту, түрлендіру мақсатын көздейді.

Жазушы стилінің ең сұбелі жағы - оның ойлы да оюлы тілінің зергер қолынан шыққан бұйымдай көркем нақышы. Жазушы шығармасынан ұлттық эстетика мен дүниетаным кеңістігін әйгілейтін өзіне ғана тән небір көркем сөздің маржандарын табуға болады. Мысалы,

Жүрегінің басына бал тамғандай, көңілін бір тәтті мұң торлап келеді (Қ. Жұмаділов. Атамекен. А., 1985).

... осынау жайнаған келбет, жарасымды кербездіктің кермиығына ер салар, құзарына қол салар ер жүрек «альпинист» жоқ бұл қалада!.. (О. Бөкей. Ән салады шағылдар. А., 1978).

- Хансыз биде құн жоқ, елсіз сұлтанда сын жоқ (М. Мағауин. Аласапыран. А., 1988).

-Бек - білігімен емес, билігімен - қарауындағы бұқараның білегімен күшті (М. Мағауин. Аласапыран. А., 1988).

- Ханның құты - қарашаның күші (М. Мағауин. Аласапыран. А., 1988).

Әкесі ер деме - өзі ез шығар. Жасы кіші деме - қара қанжар шығар (М.Мағауин. Аласапыран. А., 1988).

-Би - хан барда ғана жүйрік, сұлтан - ел барда ғана күлік,- деді Томан (М. Мағауин. Аласапыран. А., 1988).

Осындай дәл айтылған тұжырымды, бейнелі қанатты сөздер жазушылар шығармаларында көптеп кездеседі. Қазақ жазушыларының қанатты сөздерді қолдануы тілінен, өзгеден алып, өздері жасап, қолдануы емес. Онда үлкен шеберлік бар. Қанатты сөздер өмірдің бай тәжірибесінен алынған кең мағымды, философиялық мәнді, әрі бейнелілігі де қызық көркем тұжырымдар. Қанатты сөздердің философиялық тұжырымға құрылуы, тұжырымды болуы маңызды. Себебі, кейбір афоризмдер кейіпкердің жан-дүниесін танытса, енді бір қатары автор образын аша түседі. Тарихи роман, көркем туынды жазуға барған адамгерлер қанатты сөздерді әсерлілік үшін пайдаланады. Шығармалардан келтірілген қанатты сөздер авторлық баяндаудан және кейіпкер тілінен алын-

Ойымызды қорыта келе, авторлық қолданысқа түскен фразеологизмдердің лексика-грамматикалық, эмоционалды-экспрессивтілік жағынан түлеп жаңа мазмұнда, кең мағынада келуі жазушының шеберлігі мен өзіндік стиліне байланысты екенін баса айтамыз.

Авторлық қолданыстағы фразеологизмдер көркем әдебиет тілін жаңа сатыға көтеріп, оның өркендеуіне әсерін тигізеді анық. Фразеологизмдердің тұрақты қалыпта қолданылу табиғатын ескере отырып, олардың көркем әдебиет тілінде жанаша қырынан танылуын зерттеу бүгінгі заман талабы.

1. Ефимов А.А. Об изучении языка художественных произведений. М., Учпедгиз, 1952.

2. Р.Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. А., 1968.

3. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. А., 1996.

4. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1977 ж.

Л. Т. Сері

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕР ТАБИҒАТЫ ЖАЙЫНДА

В данной статье рассматривается природа сравнения как логическая и лингвистическая категория в казахском и английском языках

Теңеу – танымдық қызметі зор, ең көне өрі қаратылым, тілде жиі қолданылатын логикалық теңестіру тәсілі. Шындық өлемді танудың қисынды құралы бола тура, теңеу көп қырлы, мазмұнды тілдік құбылысты білдіреді. Ол – бір заттың өзіне тән белгілерін ұқсас басқа затпен салыстырудың нәтижесі. Филологиялық жақтан қарастырғанда, теңеу адамның абстрактылы ойлау дамытудың көрінісі болса, лингвистикалық тұрғыдан осы ойдың тілдік қолданыста бейнеленуін танытады. Сонымен бірге, ол – сипатталушы нысанның бейнелілік, көркемділік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін көркемдік тәсіл. Теңеу әдісі таным мен тілдік қарым-қатынаста маңызды роль атқарады. Кез келген теңеуде тілдің жалпы табиғаты айқын белгіленеді, өйткені, «теңеу – өнерлеу мүмкіндіктерінің маңызды көрінісі ретінде тілмен қатар пайда болған сөйлеудің көне және табиғи тәсілі» [1,112].

Теңеу – адамға тән ойлау формаларының қатарына жатады. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде логика ғылымы қарастырады. А.А.Потебня пікірінше, логика тұрғысынан теңеу төмендегідей құрылымдық элементтерден тұрады:

1. жаңадан танылуға тиісті зат немесе сипатталушы (comparandum),
2. бұрыннан белгілі зат немесе сипатталушы (comparatum),
3. осы үшеуіне ортақ белгі, ортақ қасиет (tertium comparationis). [1,3].

Бұл үшеуінің бірі болмаса, теңеу операциясы жүзеге аспайды. Мысалы: *Жүрегі тайдай тулап кетті* (Ө.Нұрпейісов). Осы теңеудегі *жүрек* жаңадан

танылуға тиісті зат немесе сипатталушы ұғым (comparandum), *тайдай* – бұрыннан танымал зат (comparatum), *тулап кетті* – екеуіне ортақ белгі, қасиет (tertium comparationis). Осы үшеуінің қарым-қатынасы нәтижесінде теңеу пайда болады. Теңеу нәтижесінде жаңа білім пайда болады, оның құндылығы тек салыстырылатын нысандар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты белгілеу ғана емес, сонымен бірге сол нысанның екіншісіне қатынасында. Осы жағдайға байланысты теңеу заттарды ұқсату мен айыру қасиетін таным құралына айналады. Адам дүниетанымында теңеу белсенді қызмет болып табылады. Теңеудің көмегімен адамдар өздерін қоршаған өлемді танып біледі, заттар мен құбылыстардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырады.

Теңеу логика ғылымындағы таным құралы болумен қатар, тіл білімінің зерттеу нысаны болып табылады. Теңеу лексикасына, семантикасына үңілу, оның құрылымдық табиғатын ашу тіл білімінің міндеті болып саналады. Теңеу тіл білімінде 1960 жылдардан бері қарастырылып келе жатыр. Айтулы лингвистикалық тәсіл шет тіл білімі мен отандық тіл білімінде жан-жақты зерттеліп қарастырылған. Осы орайда, орыс тіл білімінде В.Н.Телия, В.М.Огольцев, А.И.Федоров, М.И.Черемисина, Н.А.Широкова; ағылшын тілінде Н.Н.Амосова, А.В.Кунин, С.И. Ройзензон, Н.М.Сидякова, И.Р.Гальперин, И.В.Арнольд, Т.В.Шмелева, Г.И.Исина; француз тілінде А.Г.Назарян, В.Г.Гак; неміс тілі бойынша А.Д.Райхштейн, И.И.Чернышева, З.А.Божеева, М.Т.Сабитова, Р.А.Глазырин, М.Х.Абилғалиева, т.б. тілші-ғалымдардың еңбектерін сөз етуге болады. Теңеудің тілдік